Келісілді
04.03.2024 ж.

**Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымының атауы:**«Қызылжар ЖОББМ»
**Мектепалды** «А» сыныбы
**Балалардың жастары:**5 жастағы
**Жоспарлау күні:**04.03-07.03.2023-2024 оқу жылы

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 04.03** | **Сейсенбі 05.03** | **Сәрсенбі 06.03** | **Бейсенбі 07.03** | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу | Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | **Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында** **Қара құлақ** Ойынға 5-10 бала қатысады.Олар оңаша жерге топталып өз араларынан бір баланы қазық етіп белгілейді.Қазық тұрған жерінде қозғалмай тұрады.Басқалары әрі кетеді.Содан кейін ойынға қатысушылапр қазықты алыстан қоршап бірте-бірте жақындай түседі Таяп келіп мынау кім? –деп бір-бірінен сұрасады.Біреуі ойбай бұл қарақұлақ қой!-деп | **Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында** **«Болады болмайды»** Мақсаты: Ойлау қабілеттерін дамыта отыра сөздік қорын молайту. (балалар шеңберде тұрады) Балалар мен сеңдерге қала көшелерінде не істеуге болады, болмайтының туралы сұрақтар қоямын. Балалар жауаптарың қолындағы жалаушамен көтеріп жауап береді. Көшені бағдаршамның қызыл көзі жанғанда? | **Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында** **«Дауысынан таны»** Мақсаты: Тыңдау, есті қабілеттерің одан ары қарай жетілдіру. Құралдар: Таспаға жазылған құстардың дауыстары (торғай, сауысқан, тоқылдақ, көгершін,) Шарты: таспа қосылып құстардың дауыстары кезек - кезек қойылады. Балалар таныс құстарды естеріне түсіріп, атауын айтып беру керек. Тәрбиеші дұрыс табылған құстың суретін тақтаға | **Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында** **Сақина жасыру** Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді.Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінігң үстіне алақандарын жаяды.Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен,ол бала алақанын жаба қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды.Ол сақинаның кімде екенін | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қаша жөнеледі.Қалғандары да –қарақұлақ,қара құлақ!-деп бытырай қашады.Қарақұлақ біреуін ұстау үшін тұра қуады.Ұсталған бала қарақұлақ болып,ойын әрі қарай жалғасады. | Гүлзардағы гүлдерді жұлуға?<br>Гүлзардағы өсіп тұрған гүлге сүйсініп қарау.<br>Ағаш пен гүл отырғызу?<br>Кәмпиттің қағазын жерге тастау?<br>Жаяу жүргінші жолмен бағдаршамның жасыл көзі жанғанда өтуге?<br>Қоғамдық орындарында бақырып, шулауға?<br>Адамдармен әдепті түрде әңгімелесу? | қояды.<br>Дидактикалық жаттығу: «Зейінді бол»<br>Мақсаты: тыңдау, есту қабілеттерің одан ары қарай жетілдіру.<br>Шарты: Тәрбиеші дала құстары туралы жұмбақтап айтып отырады, балалар қандай құс туралы байқап алда жатқан тиісті суретті көтеріп көрсетеді. | білсе сол баламен орнын ауыстырады.Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді.Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді. | |
| Ертеңгілік жаттығу | **Таңғы жаттығу кешені (наурыз айы)**<br>Балалар музыка ырғағымен бірінің артынан<br>бірі шеңбер жасап адымдап жүреді.<br>Қолды жоғары көтеріп аяқтың өкшесімен жүреді,<br>қолды белге қойып аяқтың ұшымен , аяқтың ішкі жағымен, аяқтың сыртқы жағымен жүреді.<br>Жеңіл жүгіру, оң қырындап шеңбер ішіне қарап жүгіру.<br>Б.қ.Екі аяқ бірге қол белде бас пен мойынға арналған жаттығулар.<br>1 дегенде сол жаққа басты айналдыру.<br>2 дегенде оң жаққа басты айналдыру.<br>3 дегенде б.қ келу.<br>2.Б.қ.аяқ арасы сәл ашық, қол дене бойында иыққа арналған жаттығулар.<br>1 дегенде екі иықты көтеру<br>2 дегенде оң иықты көтеру<br>3 дегенде сол иықты көтеру | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **«Арқаға массаж жасау»**<br>Оқушылар шеңбер құрып тұрады да, мұғалімнің айтуы бойынша оңға бұрылып, ілгері қарай жүреді. Әр оқушы алдында тұрған жолдасының арқасына массаж жасауы керек. Бір минуттан кейін шеңбер теріс айналып, қайтадан алдында тұрған сыныптастарына массаж жасайды. | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеттері:** Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс<br>**«Сиқырлы қалта»**<br>**Ойынның мақсаты:**Монологтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға, сұраулы сөйлемдерді дауыс интонациясын сақтап, дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөйлем қарқынын өзгерте білуге үйрету(мысалы: ақырын сөйлеу)<br>**Ойынның құрал-жабдықтары:**суреттер,доп,шар,қуыршак)**Ойынның мазмұны:**5-6 бала қатысады.Тәрбиеші | **1.Сауат ашу**<br>Міндеттері: Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс.<br>**1. Ойна да, ойлан!**<br>**Мақсаты:** Үй жануарлары мен үй құстарыныңқалай дыбыстайтынын білу.<br>**Көрнекі құралдар:** үй құстары мен үй жанарларының суреттері.<br>**Ойынның шарты:**<br>Тәрбиеші кез келген үй жануары немесе үй құсының қалай дыбыстайтынын сұрайды. Балалар мұқият тыңдап, табу керек.<br>Не | **1.Матем негіздері**<br>Міндеттері: Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>**Қ.О. «Қайда орналасқан?»**<br>Мақсаты: кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер<br>Ойын барысы: Балаларды топқа бөліп топқа плакат,клей,түрлі-түсті қарындаштар таркатылып беріледі.Суретте пазл әдісі бойынша бейнеленген үй жануарларының төлдерін қай жерге орналасатынын топпен бірге ақылдасып | **1.Математика негіздері**<br>Міндеттері: Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>**«Қай ойыншық жетпей тұр?»**<br>Мақсаты: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: ойыншықтардың суреттері.<br>Ойын барысы: Балаларға ойыншықтардың көп суреттері беріледі. 1 мин ішінде балалар мұқият қарайды, уақыт өткеннен соң балалар көздерін жұмады, педагог бір | . |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сиқырлы қалтаны ортаға қойып балаларды кезекпен шақырып,сол қалтадағы заттарды алғызады. Балалар алған заттарын сипаттайды.<br>**2.Сауат ашу**<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру.<br>**Әдіс-тәсілдер:**<br>түсіндіру, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс.<br>Сиқырлы сандық»<br>Мақсаты: балалардың сөздік қорын, фонетика - фонематикалық есту қабілетін және логикалық ойлауын дамыту, ептілік пен тез әрекет етуге үйрету.<br>Шарты: сыйқырлы | Мияулайды?<br>Арсылдайды?<br>Қыт-қыттайды?<br>Маңырайды?<br>Мөңірейді?<br>Боздайды?<br>Кісінейді?<br>Қаңқылдайды?<br>**2.Көркем әдебиет**<br>Міндеттері:<br>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.<br>**«Бұл қай ертегі кейіпкері»**<br>**Мақсаты:** Таныс ертегі және әңгіме кейіпкерлерін тануға, олардың қимыл-қозғалыстарын айтып беруге үйрету. | шеді.Пазл арқылы суреттерді балалар жинақтап алады.Плакатқа түрлі-түсті қарындаштарды пайдаланып, жапсырылған төлдердің орнын анықтау мақсатында ерекшелеп сызып шығады.<br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеттері:**<br>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>**Дидактикалық ойын: «Кім неге барсын?»**<br>**Мақсаты:** Тыңдау, есту қабілеттерін дамыту. Сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>**Құралдар:** топта алдын ала (атаның, ағаштың, нандын суреттері А-3 | немесе бірнеше суретті алып тастайды. 1,2,3 дегенде балалар көздерін ашып қай ойыншық жетпей тұрғанын айтады.<br>**2.Қазақ тілі**<br>Міндеттері: Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс<br>**Дидактикалық ойын «Қарға қалай** | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сандықтың ішінен дөңгелекшелерді алып, онда бейнеленген суретті атап, ондағы басқы және соңғы дыбысты атап, соңғы дыбыстан басталатындай етіп сөздерді ретімен орналастырып жұлдызды құртты құру, яғни дөңгелектерді ретімен бір - біріне байлау.<br>**3.Сурет салу**<br>Міндеттері:<br>Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол және т.б.) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру.<br>Ою-өрнекті өзбетінше ойдан салуға мүмкіндік беру.<br>**.Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, жұптық жұмыс. | **Шарты:** Қоржынға балаларға таныс ертегілер кейіпкерлеріне ұқсас ойыншықтары салынады. Тәрбиешінің ұсынысымен бір бала шығап қоржын ішінен бір ойыншықты алып: бұл қандай жануар? Қандай ертегіде кездеседі? Ол не істейді? Ол қандай?<br>**Мысалы:** Қоян ойыншығын алып: Мынау қоян. Қоян ақ, Түлкімен қоян ертегісінде кездеседі.<br>**3.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Міндеттері:** Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Дидактикалық ойын: «Дастарханымызда не жетіспей тұр?»<br>Мақсаты: Балалардың ойлау,қиялдау қабілеттерін арттыру.<br>Шарты: Суреттерді құрастыру | форматында салынған болу керек).<br>**Шарты:** Тәрбиеші: балаларға мына сөздерді айтып тұрады , балалар белгіленген суреттерге барып, неге осы суретке барғанын түсіндіру керек:<br>**Тәрбиешінің сөздері:**<br>Тіл алғыш бала нанға барсын,<br>Тілазар бала талға барсын.<br>Тілі тәтті бала атаға барсын.<br>**Баланың беретін жауабы:**<br>Нан – тамақ болады,<br>Тал – таяқ болады,<br>Ата – қонақ болады.<br>**Дидактикалық ойын: «Қандай құс?»**<br>**Мақсаты:** Есту қабілеттерін жетілдіріп, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезінуіне мүмкіндік туғызу. Дауыс және артикуляциялық аппаратын дамыту. | **тамақтанды?»**<br>**Мақсаты:** Байланыстыра сөйлеуге үйрету,заттар арасындағы кеңістіктерге назар аударту, үстеулерді белсендіру.Балаларды септік жалғауларын жалғауға үйрету.<br>**Шарты:** Қарғаның әрекеттері салынған суреттері және түрлі табиғаттағы және даладағы нысандар суреті , магнитті немесе фланель тақтаға орналастырып отырады, сұрайды:<br>-Қарға не істеп отыр?/Қарға отыр<br>- Қарға қайда отыр?/Ағаштың үстінде<br>- Енді қарға не істеді?/ Тамақ іздеді<br>- Оның қарны ашып тамақ іздей бастады.Қане, барлығымыз бірге іздейік. Ол ағаштың артын қарады, ауладағы шелектің ішін қарады, | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дидактикалық ойын: «Симметриялы заттар»<br>Мақсаты: «Симметрия» ұғымымен таныстыру. Симметриялы заттарды анықтау және ажырата білуге үйрету. Кеңістікті бағдарлау дағдыларын дамыту.<br>Шарты: Берілген кескіндерді симметриялы орналастыру, қағаз бетінде дұрыс қою.<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:** Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту.<br>**Допты қуып жет**<br>Ойын мақсаты: балаларды шыдамды,сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауаға,тез жүгіругі,түсетерінң көлемін ажырата білуге баулу.<br>Ойынның шарты:бұл | арқылы,дастарханымызда жоқ затты табу.<br>Тәрбиеші: Бұл ненің суреті екен балалар?<br>Балалар: -нан<br>Тәрбиеші: Тамаша<br>Балалар біз үш топ болып жұмыс жасаймыз, қай топ тәртіпті болып мұқият тыңдап, сұрақтарға жакс ы жауап берсе сол топка асық беремін, қай топта асық көп болса сол топ жеңімпаз.<br>Келістік пе?<br>Балалар: Ия<br>: Жарайсыңдар.<br>Бүгінгі біздің өтетін сабағымыздың тақырыбы: «Нан қайдан келеді?»<br>Тәрбиеші: - Ендеше, балалар, нан біздің дастарқанымызға қалай келеді? - деген сұраққа жауап іздеп көрейік.<br>- Балалар, айтыңдаршы күнделікті біздің дастарқанымызда қасиетті, қадірлі қандай тағам тұрады?<br>- Дұрыс олай болса | **Құралдар:** Таспаға жазылған құстардың дауыстары, құстардың суреттері; құстардың баска киетін масқалары (бет пердесі)<br>**Шарты:** балалар шеңбер бойы отырады. Шымылдықтын артынан құстардың бас киімін (бет пердесін) 1 бала киіп дауыстайды (тәрбиешінің нұсқаулығымен) шеңберде отырған балалар ойланып тауып алады. Барлықтары жасырылған құстын қимылын жасайды. Таспа қосылып баланың айтылған дауысымен салыстырылынады, құстын суреті тақтаға ілінеді. Дұрыс тапқан бала шымылдықтын артына барып бас киімді тандайды. Солайынан ойын жалғаса береді.<br>**3. Сауат ашу**<br>Міндеттері: Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, | сәкінің астын қарады.<br>-Енді қайда барды?<br>-Ол не істеді?<br>-Неге ол басын тесікке сұқты.<br>Ойын барысында осындай сұрақтар қойылып, балалар қарғаның тамағын табады.<br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Міндеттері:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс<br>Балалар біз жұмбақ туралы білеміз бе? сұрайды.Мұғалім | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойынға 5-6 бала, тәрбиеші басқаруымен қатыса алады.Тәрбиеші доптарды себетке салып алып,балалрдың алдына домалатып жібереді.»Допты қуып жет»деген белгі бойынша ,балалар допты ұстап алып тәрбиеші ұстап тұрған себетке салуы керек.<br>**Допты қуып жет**<br>Ойын мақсаты: балаларды шыдамды,сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауаға,тез жүгіругі,түсетеріңн көлемін ажырата білуге баулу.<br>Ойынның шарты:бұл ойынға 5-6 бала, тәрбиеші басқаруымен қатыса алады.Тәрбиеші доптарды себетке салып алып,балалрдың алдына домалатып жібереді.»Допты қуып жет»деген белгі бойынша ,балалар допты ұстап алып тәрбиеші ұстап тұрған | нанның дастарханға қалай келетінін әңгімелеп берейін.<br>1-тапсырма слайдпен жұмыс. Әңгімелеу<br>-Алдымен трактормен жерді жыртады, диқандар ол жерге бидайдың тұқымын тастайды. Бірнеше күндерден кейін дәндер өсе бастайды. Бидайдың сабақтары пайда болады, оны диқандар үнемі суарып отырады.Бидай дәнді-дақылға жатады, солай ма балалар? Күзде астықты комбайндармен орады және үстерінен бастырады. Бидайды диірменге апарып тапсырады. Аппақ болып ұн дайындалады. Қап – қаптармен ұнды наубайханаға тасиды. Онда ұн иленіп, нан пісіріледі. Нан таситын көліктермен дайын нандарды дүкендерге әкелінеді. Дүкенде нанның бірнеше түрлері: бөлке, тоқаш, батон, торттар, печениелер, | тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру.<br>**1. Ойын: "Қане – қане, міне – міне"**<br>**Мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту, дұрыс сөйлеу дағыдаларын қалыптастыру. Дене мүшелері туралы білімдерін бекіту.**<br>Қане – қане басың? – Міне-міне басым.<br>Қане-қане шашың? – Міне-міне шашым.<br>Қане-қане құлағың? – Міне-міне құлағым.<br>Қане-қане көзің? – Міне-міне көзім.<br>Қане-қане мұрының? – Міне-міне мұрыным.<br>Қане-қане аузың? – Міне-міне аузым.<br>Қане-қане қолың? – Міне-міне қолым.<br>Қане-қане саусағың? – | фигураларды артқы жағына орналастырып, ертегі кейіпкерлері мен заттарды табуды сұрайды.<br>**«Не көрдің?»**<br>**Мақсаты:** бейнелі есте сақтауды дамыту, репродуктивті қиялдау қабілетін дамыту.<br>**Шарты:** Балалардан көздерін жұмып айтылған сөздерді қандай түрде көздеріне елестеткендерін сұрау арқылы оқиға желісін реттілігімен құрастыру.(Бейнелік суреттерді ,кейіпкерлерді өзгертіп,құбылтып айтуларына ерік беруге болады)<br>**Мысалы:** Тәрбиеші<br>-Қар еріді. Қандай болып еріді?<br>Бала:Шалшық, көл-көсір, ағып жатыр, батпақ болып езіліп.<br>**4.Музыка**<br>Міндеттері: Әртүрлі | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | себетке салуы керек. | бауырсақтар, бәліштер сатылымға шығарылады. Нан дастарқанға келгенше қаншама адам еңбек етеді. Мұның бәрі – адам еңбегі.<br>- Бидай неден өсіп шыға ды?<br>- Бидайды немен жинайд ы?<br>- Күзде дайын болған өнімді қалай атайды?<br>- Бидайдан шыққан ұнды қайда әкеледі?<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:** Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту.<br>**Тышқан мен мысық**<br>Ойын мақсаты:балаларды шапшаң әрі шыдамды,ұйымшылдықк қа үйрету.<br>Ойын шарты: Бұл ойынға топ балары бәрі тегіс қатыса алады.Балаларды | Міне-міне саусағым.<br>Қане-қане аяғың? –<br>Міне-міне аяғым.<br>Қане-қане денең? –<br>Міне-міне денем.<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:** Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту.<br>**Тышқан мен мысық**<br>Ойын мақсаты:балаларды шапшаң әрі шыдамды,ұйымшылдыққ а үйрету.<br>Ойын шарты: Бұл ойынға топ балары бәрі тегіс қатыса алады.Балаларды (қақпа қалың) дөңгелене тұрғызып,ортаға тәрбиеші көмегімен тышқанмен мысық сайланады.Мысық тышқанды қуып ұстап алуы керек.Дөңгелене тұрған балалар тышқанды яғни мысықтан құтқару үшін,қақпадан тышқанды шығарып діберіп мысықты | сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>«Қос дабыл»<br>(Дыбыстың биіктігін айыру үшін арналған ойын)<br>Гүрілдей кеп қағылды,<br>Танып тұрмыз дабылды.<br>Там – та – ра – там. Там – та – ра – там.<br>Там – та – ра – там. Там – та – ра – там.<br>Шіңкілдей кеп қағылды,<br>Танып тұрмыз дабылды.<br>Ти – та – ра – ти. Ти – та – ра – ти.<br>Ти – та – ра – ти. Ти – та – ра – ти.<br>Балалар екі шеңбер жасап тұрады: сыртқы (Үлкен) және ішкі (Кіші.) Ойын басталғанша тәрбиеші өзінің қалауы бойынша үлкен немесе кіші дабылда ойнайды. Үлкен дабылда ойнағанда сыртқы шеңбердегі балалар айналып жүріп | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (қақпа қалың) дөңгелене тұрғызып,ортаға тәрбиеші көмегімен тышқанмен мысық сайланады.Мысық тышқанды қуып ұстап алуы керек.Дөңгелене тұрған балалар тышқанды яғни мысықтан құтқару үшін,қақпадан тышқанды шығарып діберіп мысықты шығармауға тырысады.Мысық тышқанды ұстау үшін шапшаңдық керек.Мысық тышқанды ұстап алса,ойынға келесі жаңа балалар қатыса отырып алмаса береді. | шығармауға тырысады.Мысық тышқанды ұстау үшін шапшаңдық керек.Мысық тышқанды ұстап алса,ойынға келесі жаңа балалар қатыса отырып алмаса береді.<br>**Арқан түю.**<br>Балалар шеңбер жасап тұрады. Қолында арқаны бар жүргізуші топ арасынан шығады да:-ойын бастайды –деп дауыстайды.Сонан соң арқанның түйілмеген басын ұстан шеңбер бойымен айналады,арқанды балалардың аяқтарының астынан жібереді.балалар арқан үстімен секіріп тұрады.Кімде-кімнің аяғына арқан ілініп,секіре алмай қалса ол бала ойынды тоқтатып өнер көрсетеді,тақпақ,өлең айтады немесе билеп береді.Ойын осылай жалғаса береді. | әндетеді, кіші дабылда ойнағанда ішкі шеңбердегі балалар айналып жүріп ән салады. | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| Серуенге дайындық | Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу | | | | |
| Серуендеу | **Маусымдық өзгерістерді бақылау**<br>Мақсаты:<br>—Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>—айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету;<br>—табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші:<br>Балалар, мені тыңдаңдар, қазір мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырынған сөздерді табыңдар.<br>Жауған қарымен,<br>... құнар береді. (қыс)<br>Үлкендер қарбалас, | **Қайың ағашын бақылау**<br>Мақсаты: қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Жас шыбық» А. Меңдібай<br>Көшетін әкеп қайыңның,<br>Отырғыздым аулаға.<br>Жіп-жіңішке жас шыбық,<br>Өспейді деп ойлама.<br>Жас шыбық өсіп толады,<br>Әсем қайың болады,<br>Суғарып, күтіп, баптасам.<br>Қайың көп ағаштардың ішіндегі сұлу ағаштардың бірі. Оның аппақ діңі жұқа қабықпен қапталған. Қайың қыс шыққан бойда бүр жарып шыға келеді. Халық әндері мен ертегілеріне қайыңды жиі қосқан. | **Бұршақты бақылау**<br>**Мақсаты**:<br>— «Бұршақ» түсінігімен таныстыру;<br>— Табиғатта неге бұршақ жауатыны туралы түсінік беру;<br>— есте сақтаулары мен зейіндерін белсендіру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Бұршақ жауғанда»** А. Меңдібай<br>Аспанды бұлт торлап,<br>Күн кенет бұзылды.<br>Жел тұрып, сап-салқын,<br>Жауын исі сезілді.<br>Айнала тарсылдап,<br>Ақ моншақ төгілді.<br>Жер беті ағарып,<br>Мұз болып көрінді.<br>Моншақты ұстап ап,<br>Көргім кеп барады-<br>Қолымда көп моншақ ,<br>Су болып ағады.<br>**Тәрбиеші әңгімесі:** күннің | **Итті бақылау**<br>**Мақсаты**: жануарлардың, көктемгі өмірі туралы түсініктерін жүйелендіру;<br>— жануарлар тіршілігіндегі өзгерістер себебін іздей білуге үйрету, өздерінің үйіндегі жануарларына деген жауапкершілік сезімдерін дамыту.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «КҮШІГІМ»** А. Меңдібай<br>Кіп-кішкентай күшігім,<br>Сүйкімдісін өзінің.<br>Еркелейді ойнақтап,<br>Жылтырын-ай көзінің.<br>Оратылып аяққа,<br>Бір сәт тыным таппайды.<br>Кел, достарым, жасқанба,<br>Күшігім менің қаппайды<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Бұл күшік | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ... дән себеді.<br>(көктемде)<br>Бақ пенен бақшаны,<br>... баптап өсіреді.<br>(жазда)<br>Дихандар жемісін,<br>... жинап береді.<br>(күзде)<br>Тәрбиеші сұрақтары:<br>•Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған?<br>•Қазір жылдың қай мезгілі?<br>•Көктемнің алдында қай мезгіл болды?<br>•Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>•Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады?<br>Зерттеу жұмысы:<br>Мектеп ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда | Оны сүйіспеншілікпен «ақ қайың» деп атаған. Ерте кезде жолаушы жүретін үлкен жолдардың бойына қайың еккен. Қайыңның жұмсақ қабығынан жеңіл шабата (аяқ киім), жолаушы жүргенде киімдері мен тамағын салатын себеттер тоқыған.<br>Педагог сұрақтары:<br>Қандай ағаш түрлерін білесіңдер?<br>Біздің ауламызда қандай ағаштар өседі?<br>Ағаштар жылдың қай мезгілінде көктейді?<br>Әуелі ағаш бұтақтарында не пайда болады?<br>Қазір аулаға ағаш көшетін отырғызуға бола ма?<br>Ағаштар жақсы өсуі үшін біз оларға не істеуіміз керек?<br>Зерттеу жұмысы<br>Қайың ағашы мен басқа ағаштарды салыстыру: оларды қандай айырмашылықтары арқылы ажыратуға болады? | шуағы молайып, жер қызған кезде су буланып ыстық ауамен жоғары көтеріледі. Жерден жоғары кеңістік үнемі салқын, сондықтан да су тамшылары мұзға айналады. Жауын жауған уақытта кейбір мұздың ірі түйіршіктері еріп үлгермейді де, жерге мұз күйінше құлайды. Табиғаттың бұл құбылысы «бұршақ» деп аталады.Бұршақ көбіне жаңбырмен араласып жауады. Жерге түскен бұршақтар жылы ауамен тез еріп кетеді. Көлеңке, салқын жерде ұзақтау жатады.<br>Зерттеу жұмысы<br>Мұз түйіршіктерінің қай жерде тез еритінін анықтау: ашық жерде ме, әлде бұта түбінде, үйдің көлеңке бетінде ме?<br>**Еңбек**<br>Аула қараушыға кескен бұталарды ауладан жинап алуға көмектесу.<br>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі | сендерге ұнай ма?<br>♦ Күшікке қандай ат лайық деп ойлайсыңдар?<br>♦ Күшіктің көңіл-күйі қандай?<br>♦ Не себепті көңіл-күйі көтеріңкі деп ойлайсыңдар?<br>♦ Сендерше күшіктер көбіне немен айналысқанды жақсы көреді?<br>Үйде асырауға алған иттер өз иесін өте жақсы көреді. Ол онымен үнемі бірге болады, иесі үшін қандай да бір қиыншылыққа төтеп береді. Ол өз иесін ешуақытта сатпайды. Ит - адамның сенімді досы. Бірақ, біздер де оны күту, дұрыс тамақтандыру керек екенін ұмытпауымыз керек. Яғни біз өз күшігімізді немесе мысығымызды, өзімізге тиесілі қандай да бір жануарымыз болса оған қамқор болуымыз керек екенін естен шығармағанымыз, | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болады)<br>Еңбек<br>Гүл егетін жерді тазалау.<br>Мақсаты: Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын: «Кім жылдам?».<br>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.<br>Жаттығу ойыны: Орнында тұрып биіктікке секіру.<br>Мақсаты: секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей білурға | Еңбек<br>Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу<br>Мақсаты:өз еріктерімен топқа бөлінуге, өз еріктерімен еңбек етуге баулу.<br>Қимылды ойын: «Орамал тастамақ»<br>Мақсаты:<br>_- ойын шартын түсініп ойнауға, аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу.<br>Жаттығу ойыны Затты нысанаға лақтыру.<br>Мақсаты: қол күштерін, көз мөлшерін дамыту. | аяқтауға, еңбек нәтижесіне қуануға үйрету.<br>**Қимылды ойын:** «Ақ серек-көк серек».<br>Мақсаты: ойын шартын сақтап ойнауға, құрбыластарын тыңдай білуге, олармен санасуға баулу.<br>**Жаттығу ойыны** «Кім алда?».<br>Мақсаты: бірінің соңынан бірі, қатар сақтап, бір ырғақпен жүкіруге үйрету.<br>**Вариативтік сабақ:**«Атқаума»,«Қара құлақ» | оларды сүйе білгеніміз жөн.<br>**Еңбек:** Жер қазу жұмыстарына қатысу.<br>Мақсаты:<br>ұжыммен жұмыс істей білулерін тиянақтау; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, бастаған істі аяқтауға деген құлшыныстарын арттыру.<br>**Қимылды ойын:** «Қасқыр қақпан».<br>Мақсаты:<br>— белгі бойынша әрекет етуге баулу;<br>— жылдамдық, байқампаздық дағдыларын дамыту.<br>**Жаттығу ойыны:** Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты: секіру техникасын меңгерту (жіппен секіруге жаттықтыру). | |
| Балалардың дербес әрекеті | **Дидактикалық ойын: «Қандай дыбыс жетіспейді?». Мақсаты:**<br>сөздегі дыбыстың интонациялық таңдалуын үйрету. Сөздегі бірінші дыбысты анықтау қабілеттерін дамыту. | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | |
|---|---|
| | Педагог бірнеше сөйлемді (5-7) айтады, олардың<br>әрқайсысында сөздің бірінші дыбысы түсіп қалады, ал балалар қай дыбыс жоқ екенін<br>анықтайды (сауаттылық негіздері) |
| Балалармен жеке жұмыс | **Үй ұрылысы:**<br>Құрылыс материалының бөлшектерін дұрыс атай білу қабілетін дамыту (Алматы, Дина, Миша, Даша, Диля) |
| Балалардың үйге қайтуы | ***Ата –аналарга кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

Сканировано с CamScanner

## Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

**Білім беру ұйымының атауы:** «Қызылжар ЖОББМ»
**Мектепалды** «А» сыныбы
**Балалардың жастары:**5 жастағы
**Жоспарлау күні:**11.03-15.03.2024 оқу жылы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 11.03 | Сейсенбі 12.03 | Сәрсенбі 13.03 | Бейсенбі 14.03 | Жұма 15.03 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу | Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | **Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында «Белбеу соқ»** Ойыншылар екі-екіден жұптасып шеңбер жасап тұрады. Бір белбеуді алып екіншісін қууға тиіс. Қашып жүрген бала шеңбердегі жұптасып тұрған екі баланың алдына келіп тұрады. Артық қалған үшінші бала қаша жөнеледі. Ойыншы оны қуып жетіп белбеумен соғады да, өзі де бір жұптың алдына тұра қалады. Оның орнына келесі | **Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында «Дәл осындай пішінді тап»** Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: бала саны бойынша құлыптың суреттері, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: алдарындағы сиқырлы | **Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында «Қайсысы қайда тіршілік етеді»** Мақсаты: жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен - жайын анықтау. Сөздік қорын молайту. Көрнекілік: әр түрлі жануарлар, құстар суреті ойын барысы: әр түрлі жануарлар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретінін сұралады. Оларды немен қоректенетінін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер енгізу үшін | **Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында «Түйе-түйе»** Ойынды алаңда немесе кең залда ойнауға болады. Ойнаушылар саны шектелмейді. Олар өз арасынан бір адамды бастаушы, бір адамды ұстаушы етіп сайлайды. Осыдан кейін ойнаушылар бірінің соңынан бірі белдерінен құшақтасып, бастаушының артынан тізіліп тұрады. Бастаушы - түйе артын-дағылар боталар болады. Егер ұстаушы бастаушының артында тұрған | **Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында «Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата»** Мақсаты: Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады. Көрнекіліктер: қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер. Ойын барысы: Балаларға қар мен |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншы шығып, ойынды жалғастыра береді. Белбеу ең соңында кімде қалса сол ойыншы жеңіліске ұшырайды да өз өнерін көрсетеді. | құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық пішіндерден құралған екенін айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алып, құлыпты ашады. | тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрайды. | ойнаушыларды біртіндеп ұстап алып қойса, онда ұстаушы жеңген болып саналады. Егер тізбек үзілсе ойын тоқтайды. Осы тәртіп бойынша, бастаушы мен ұстаушы қайта белгіленіп, ойын бұрынғыша жүргізіле береді. | жаңбырдың суреттерін көрсетіп, олардың бір - бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек. |
| Ертеңгілік жаттығу | **Таңғы жаттығу кешені (наурыз айы)**<br>Балалар музыка ырғағымен бірінің артынан<br>бірі шеңбер жасап адымдап жүреді.<br>Қолды жоғары көтеріп аяқтың өкшесімен жүреді,<br>қолды белге қойып аяқтың ұшымен , аяқтың ішкі жағымен, аяқтың сыртқы жағымен жүреді.<br>Жеңіл жүгіру, оң қырындап шеңбер ішіне қарап жүгіру.<br>Б.қ.Екі аяқ бірге қол белде бас пен мойынға арналған жаттығулар.<br>1 дегенде сол жаққа басты айналдыру.<br>2 дегенде оң жаққа басты айналдыру.<br>3 дегенде б.қ келу.<br>2.Б.қ.аяқ арасы сәл ашық, қол дене бойында иыққа арналған жаттығулар.<br>1 дегенде екі иықты көтеру<br>2 дегенде оң иықты көтеру<br>3 дегенде сол иықты көтеру | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **«Комплимент» сәлемдесу**<br>Мақсаты: өзіне деген сенімділікті арттыруға ықпал ету.<br>Балалар допты шеңберге өткізіп, бір – біріне мақтау айтады-бұл адамға<br>айтқысы келетін жағымды, жылы сөздер. (қоршаған ортамен танысу)<br>Балалардың қалауы<br>бойынша үстел ойындары. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеттері:** Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс<br>**«Сиқырлы сандық»**<br>**Ойынның мақсаты:**Монологтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға, сұраулы сөйлемдерді дауыс интонациясын сақтап, дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөйлем қарқынын өзгерте білуге үйрету(мысалы: ақырын сөйлеу)<br>**Ойынның құрал-жабдықтары:**суреттер,доп,шар,қуыршак)**Ойынның мазмұны:**5-6 бала қатысады.Тәрбиеші | **1.Сауат ашу**<br>Міндеттері: Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс.<br>**1. Ойна да, тап!**<br>**Мақсаты:** Үй жануарлары мен үй құстарыныңқалай дыбыстайтынын білу.<br>**Көрнекі құралдар:** үй құстары мен үй жанарларының суреттері.<br>**Ойынның шарты:** Тәрбиеші кез келген үй жануары немесе үй құсының қалай дыбыстайтынын сұрайды. Балалар мұқият тыңдап, табу керек.<br>Не | **1.Матем негіздері**<br>Міндеттері: Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>**Қ.О. «Орналасқан жерін анықта?»**<br>Мақсаты: кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер<br>Ойын барысы: Балаларды топқа бөліп топқа плакат,клей,түрлі-түсті қарындаштар таркатылып беріледі.Суретте пазл әдісі бойынша бейнеленген үй жануарларының төлдерін қай жерге орналасатынын топпен бірге ақылдасып | **1.Математика негіздері**<br>Міндеттері: Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>**«Қай ойыншық жоқ?»**<br>Мақсаты: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: ойыншықтардың суреттері.<br>Ойын барысы: Балаларға ойыншықтардың көп суреттері беріледі. 1 мин ішінде балалар мұқият карайды, уақыт өткеннен соң балалар көздерін жұмады, педагог бір немесе бірнеше суретті | **1.Математика негіздері**<br>Міндеттері: : Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>**«Үстінде, астында, алдында, артында, сол жақта, оң жақта»**<br>Мақсаты: кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер<br>Ойын барысы: Балалар суретте бейнеленген доп, мысық, көліктің қай жерде орналасқанын айтады.<br>**2.Қазақ тілі**<br>Міндеттері Таныс |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сиқырлы қалтаны ортаға қойып балаларды кезекпен шақырып,сол қалтадағы заттарды алғызады. Балалар алған заттарын сипаттайды.<br>**2.Сауат ашу**<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру.<br>**Әдіс-тәсілдер:**<br>түсіндіру, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс.<br>«Сиқырлы қобдиша»<br>Мақсаты: балалардың сөздік қорын, фонетика - фонематикалық есту қабілетін және логикалық ойлауын дамыту, ептілік пен тез әрекет етуге үйрету.<br>Шарты: сыйқырлы | Мияулайды?<br>Арсылдайды?<br>Қыт-қыттайды?<br>Маңырайды?<br>Мөңірейді?<br>Боздайды?<br>Кісінейді?<br>Қаңқылдайды?<br>**2.Көркем әдебиет**<br>Міндеттері:<br>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.<br>**«Ертегі кейіпкерін тап»**<br>**Мақсаты:** Таныс ертегі және әңгіме кейіпкерлерін тануға, олардың қимыл-қозғалыстарын айтып беруге үйрету.<br>**Шарты:** Қоржынға | шеді.Пазл арқылы суреттерді балалар жинақтап алады.Плакатқа түрлі-түсті қарындаштарды пайдаланып, жапсырылған төлдердің орнын анықтау мақсатында ерекшелеп сызып шығады.<br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеттері:**<br>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>**Дидактикалық ойын: «Кім неге барсын?»**<br>**Мақсаты:** Тыңдау, есту қабілеттерін дамыту. Сурақтарға жауап беруге үйрету.<br>**Құралдар:** топта алдын ала (атанын, ағаштын, нандын суреттері А-3 | алып тастайды. 1,2,3 дегенде балалар көздерін ашып қай ойыншық жетпей тұрғанын айтады.<br>**2.Қазақ тілі**<br>Міндеттері: Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс<br>**Дидактикалық ойын «Құстар не жиді?»**<br>**Мақсаты:** Байланыстыра | немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.<br>**«Сөз қос»**<br>**Ойынның мақсаты:** сөзге сөз қосып,сөйлем құрастырту арқылы баланың зейінін,шапшаң ойлауын дамыту.<br>**Ойынның құрал-жабдықтары:** Шар,алма ойыншықтар.<br>**Ойынның мазмұны:** балаларды екі топқа бөлік өткізуге |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
